**Шымкент қаласының білім басқармасының «Жас дарын-3 бастауыш мектебіндегі» антитеррорлық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін профилактикалық жиналысының**

**ХАТТАМАСЫ** 3

*Өткен орны: Шымкент қаласы*
*Мерзімі: 11.11.2024*
*Темірлан көшесі 19\2*
*Сағат:11:00*
**Қатысқандар:**

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – М.О.Жұмабаев
Әдістемлік жөніндегі орынбасары. А.Ибраева
Шаруашылық жөніндегі директор орынбасары - А. Альжанов
Дарын.3-бастауыш мектебінің ұстаздары

Жиналысқа қатысқан– 38 адам

**Күн тәртібі: « Қауіпсіз мектеп»**

Күн тәртібі бойынша Шымкент қалалық білім басқармасының Шымкент қалалық білім басқармасының 11.09.2024 жылғы № 392 бұйрығына сай Дарын -3 бастауыш мектебінің ұстаздар арасында терроризм экстромизм жөніндегі мән жайлар талқыланып мына төмендегідей жиын өткізілді. Жалпы террористік осал объектінің антитерророрлық қауіпсіздігі шараларының орындалуын қамтамасыз ететін жауапты қызметкері – тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Жұмабаев профилактикалық жиналысының қатысушыларына білім беру ұйымы қызметкерлерінің , білім алушылар мен тәрбиеленушілердің ғимаратта және оның аумағында терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кездегі іс-қимыл тәртібінің алгоритмдерін түсіндірді.

Білім беру ұйымында терроризм актісін жасау қаупі туындаған кезде жедел іс-қимыл жасауға негіз болуы мүмкін: қызметкерлердің, педагогтердің, білім алушылардың немесе тәрбиеленушілердің кез келгенінің күдікті пәнді анықтауы; білім беру ұйымында қауіп-қатердің телефон арқылы немесе жазбаша түрде түсуі; білім беру ұйымының қызметкерлеріне , педагогтеріне, білім алушыларына немесе тәрбиеленушілеріне қарулы шабуыл жасау

кезіндегі іс-әрекеттері болып табылады.Күдікті зат деп күдікті дыбыстар (*шертулер, сағаттың тықылы.*) және ерекше иістер (*бадам, хлор, аммияк*) шығаратын иесіз сөмкелер, пакет, жәшік, қорап, шығыңқы сымдары, жіптері, электр таспасы бар ойыншықтар екені түсіндіріледі.

Мұндай зат жарылғыш немесе улы химикатты заттармен (УХЗ) немесе биологиялық агенттермен *(қауіпті инфекциялардың қоздырғыштары, мысалы, күйдіргі, шешек, туляремия*) толтыруы мүмкін. Қауіпті немесе күдікті затты тапқан адам дереу ішкі істер органдарының «102» арнасына немесе «112» (*егер ол тәрбиеленуші немесе білім алушы болса онда тәрбиешіге немесе сынып жетекшісіне*) бірыңғай кезекші диспетчерлік қызметіне хабарлайды және шұғыл ден қою күштері келгенге дейін заттан қауіпсіз қашықтықта болады және болған жағдайға қатысты айғақтар беруге дайын болуға тиіс. Басшының іс-әрекеті қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымының тұрақты қызметкерлері қатарынан қоршауды шығару; Шұғыл ден қою қызметтерінің (ішкі істер органдарының бөлімшелері, жедел медициналық көмек қызметкерлері, өрт сөндіру есептоптары, жедел құтқару қызметтері) қауіпті немесе күдікті зат табылған жерге кедергісіз кіру мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті; эвакуациялау жоспарына сәйкес білім алушылар мен білім беру ұйымының қызметкерлері эвакуациялау үшін шаралар қабылдауы тиіс.

Білім алушылардың іс-әрекеттері болып үрейленбеу, қандай жағдайда да білім беру ұйымының педагогтері мен қызметкерлерін тыңдаңыз қажет екенін түсіндірілді. Табылған затты ұстамау, ашпаңыз және орнынан жылжытпау қажет екені түсіндірілді. Қажет болған жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттардың артына тығылу (*ғимараттың бұрышы, баған, қалың ағаш, автокөлік*) керек; Объектіден шығу мүмкін болмаған жағдайда-күрделі құрылыстың артына және қажетті қашықтықта жасырыну тәсілдері түсіндірілді.

Атап айтсақ, жарылғыш құрылғы немесе жарылғыш құрылғыға ұқсас зат табылған кезде эвакуация мен қоршаудың ұсынылатын аймақтары: гранатасы – 50 метр; салмағы - 200 г тротил шашкасы – 45 метр; жару құрылғысы – кемінде 200-350 метр; жеңіл автомашина -кемінде 600 метр; шағын автобус -920 метр; жүк машинасы (фургон) – 1240 метр түсіндірілді.

Мәжіліс қортындысында жиналысқа қатысушыларға мектептегі терроризмге қарсы қауіпсіздік кезінде нақты алгоритмі түсіндірілді.

Жас дары-3 бастауыш мектебінің
Тәрбие жөніндегі орынбасары: М.У.Жұмабаев

Хатшы: С.Жайырбек.